Пунктом 1 статьи 63 Закона установлено, что о начале принудительного отчуждения земельного участка или иного недвижимого имущества в связи с изъятием земельного участка для государственных нужд в исключительных случаях, предусмотренных статьей 84 Земельного кодекса, принимается постановление Правительства Республики Казахстан или местного исполнительного органа в соответствии с компетенцией, предусмотренной Земельным кодексом.

Перечень исключительных случаев установлен пунктом 2 статьи 84 Земельного кодекса Республики Казахстан.

Не выполнение местными исполнительными органами требований статьи 64 Закона, предусматривающей обязательный порядок вручения собственнику или негосударственному землепользователю письменного уведомления о принудительном отчуждении земельного участка с приложением к нему проекта договора о выкупе земельного участка, является основанием для оставления иска без рассмотрения в связи с несоблюдением уста-

новленного законом для данной категории дел предварительного досудебного порядка разрешения спора.

Судебная практика свидетельствует о том, что собственники изымаемых для государственных нужд земельных участков, как правило, признают иски в части принудительного изъятия их имущества для государственных нужд.

Определенные сложности возникают при разрешении вопросов, связанных с определением размера компенсации стоимости изымаемого имущества.

Земельный кодекс в редакции, действовавшей до 1 марта 2011 года, в статье 87 устанавливал, что цена за земельный участок, выкупаемый при принудительном отчуждении для государственных нужд, сроки и другие условия выкупа определяются соглашением с собственником земельного участка или негосударственным землепользователем.

При определении цены за выкупаемый земельный участок при принудительном отчуждении для государственных нужд в нее включаются рыночная стоимость зе-

мели собственника или землепользователя с решением о выкупе у него земельного участка для государственных нужд либо не достижения с ним соглашения о цене за выкупаемый земельный участок или других условиях выкупа, местный исполнительный орган, принявший решение о выкупе, может предъявить в суд иск о выкупе земельного участка.

В период действия указанных норм земельного законодательства определение стоимости изымаемых земельных участков и расположенного на нем имущества осуществлялось путем установления рыночной стоимости земельного участка в соответствии с законодательством об оценочной деятельности.

Принятым 1 марта 2011 года Законом Республики Казахстан «О государственном имуществе» определены размер, формы платежа и сроки выплаты возмещения стоимости земельного участка при его принудительном отчуждении для государственных нужд.

Определенные сложности возникают при разрешении вопросов, связанных с определением размера компенсации стоимости изымаемого имущества

мельного участка или прав на него и находящегося на нем недвижимого имущества на момент прекращения права собственности или землепользования, а также все убытки в полном объеме, причиненные собственнику земельного участка или негосударственному землепользователю в связи с принудительным отчуждением земельного участка, включая убытки, которые он несет в связи с досрочным прекращением обязательств перед третьими лицами.

В соответствии со статьей 88 Земельного кодекса, в случае не-

Порядок определения размера возмещения стоимости земельного участка или иного недвижимого имущества в связи с изъятием земельного участка для государственных нужд регламентирован статьей 67 Закона.

Для более четкого уяснения оснований и механизма определения стоимости земельных участков и недвижимого имущества необходим детальный правовой анализ положений статьи 67 Закона, из содержания которой следует, что законодатель предусматривает определение размера возмещения с учетом следующих составляющих (пункт 4 статьи 67 Закона): 1) стоимость имущества; 2) убытки.

Стоимость имущества определяется из: 1) стоимости земельного участка (пункты 1, 2 статьи 67 Закона); 2) стоимости объектов недвижимости, расположенных на земельном участке (пункт 3 статьи 67).

Стоимость изымаемого земельного участка определяется в зависимости от основания возникновения прав на земельный участок у собственника и землепользователя:

■ если земельный участок приобретен собственником у государства - стоимость определяется в размере суммы уплаченной государству.

Исключение составляют случаи неполной оплаты суммы за земельный участок, при которых размер компенсации должен соответствовать выплаченной государству сумме.

■ если земельный участок предоставлен под индивидуальное жилищное строительство, для ведения личного подсобного хозяйства, на котором находится жилой дом – стоимость земельного участка определяется в размере, не превышающем их рыночную стоимость.

Положения части 1 пункта 2 статьи 67 Закона предусматривают случаи, когда земельный участок предоставлен государством безвозмездно не для коммерческих целей, а только под размещение жилого дома, ведение личного подсобного хозяйства.

■ если земельный участок перешел к собственнику по гражданско-правовой сделке или по решению суда.

Законодатель предусматривает различный порядок определения стоимости в зависимости от того указана стоимость земельного участка в договоре или нет. Если она указана, то стоимость определяется в размере стоимости, указанной в гражданско-правовом договоре или в решении суда, но не превышающей рыночную стоимость. Если стоимость земельного участка в договоре не указана, то размер компенсации определяется по его кадастровой (оценочной) стоимости.

Следует отметить, что приведенный различный порядок определения стоимости относится лишь к вопросу определения стоимости земельного участка, а не иного недвижимого имущества, расположенного на земельном участке.

Применение норм пункта 1 статьи 67 Закона, регламентирующих порядок определения стоимости земельного участка, приобретенного у государства, затруднений в судебной практике не вызывает, судами соблюдается установленное Законом требование об определении стоимости земельного участка, приобретенного у государства, в размере суммы, уплаченной государству.

В соответствии с частью 2 пункта 2 статьи 67 Закона стоимость земельного участка, отчуждаемого для государственных нужд, перешедшего к собственнику по гражданско-правовой сделке или по решению суда, определяется в размере стоимости, указанной в гражданско-правовом договоре или в решении суда, но не превышающей рыночную стоимость. В случае если в гражданско-правовом договоре цена за земельный участок не указана, стоимость земельного участка определяется по его кадастровой (оценочной) стоимости.

Вызывает сложность вопрос определения стоимости земельного участка по цене сделки в тех случаях, когда цена приобретения земельного участка значительна ниже рыночной и не отвечает принципу равноценного возмещения.

Установленный Конституцией принцип равноценного возмещения за изымаемое у собственника имущество предполагает возможность правообладателя за выплаченную ему компенсацию приобрести такое же имущество, однако реализация указанного принципа должна осуществляться в рамках правового поля.

Закон однозначно определяет стоимость земельного участка по цене сделки. Отступление от этого правила возможно лишь в случае, когда стоимость земельного участка по цене сделки выше рыночной стоимости земельного участка. Ошибочным является определение в этом случае стоимости земельного участка по его рыночной цене.

Применение судами рыночной стоимости в таких случаях зачастую мотивируется тем, что действие Закона, принятого 1 марта 2011 года, не распространяется на правоотно-

шения, существовавшие до введения его в действие.

При этом суды ссылаются на пункт 1 статьи 37 Закона Республики Казахстан «О нормативных правовых актах», согласно которому действие нормативно-правового акта не распространяется на отношения, возникшие до его введения в действие.

Однако в судебной практике имеется иная позиция.

Признавая ошибочными выводы судов о том, что действие Закона не распространяется на спорные правоотношения, поскольку сделки были совершены до принятия Закона, надзорная инстанция Верховного Суда Республики Казахстан в постановлении от 23 декабря 2015 года по гражданскому делу по иску акимата г. Астаны к ТОО «С» о принудительном отчуждении (выкупе) для государственных нужд земельных участков указала следующее.

В силу пункта 2 статьи 88 Земельного кодекса в качестве юридически значимого события в данном случае следует рассматривать получение собственником уведомления о предстоящем принудительном отчуждении земельного участка. Сам факт заключения гражданско-правовых сделок не свидетельствует о возникновении спорных отношений.

Данные выводы соответствуют положениям статьи 67 Закона Республики Казахстан «О государственном имуществе».

Как показывает обобщение судебной практики, суды при определении размера компенсации руководствовались необходимостью определения как размера рыночной стоимости изымаемого имущества, так и причиненных таким изъятием убытков.

Требованиями законодательства о равноценном возмещении отчуждаемого имущества суды обосновывают свои выводы об увеличении суммы компенсации. К примеру, акимат г. Астаны обратился в суд с иском к К. о принудительном отчуждении земельного участка для государственных нужд с выплатой компенсации в размере 4 тенге со ссылкой на договор купли-продажи от 1986 года.

Суды г.Астаны размер компенсации за изымаемый участок определили по рыночной стоимости в сумме 1 978 000 тенге, исходя из представленного истцом отчета об

оценке объекта недвижимости, которому судом дана оценка на предмет достоверности как доказательств, наиболее реально отражающего рыночную цену земельного участка.

В другом случае, акимат г.Астана, обратившись в суд с иском к Р. о принудительном отчуждении земельного участка, сумму компенсации обозначил в размере 13 тенге. Предложенная истцом сумма компенсации установлена из цены договора купли-продажи, совершенной в 1991 году в денежных единицах СССР – рублях, переведенных по курсу в тенге. Суд, сопоставив отчеты об оценке недвижимого имущества, приобщенных к делу стороной истца – на сумму 14 248 000 тенге, стороной ответчика – 14 604 000 тенге, принял за основу первую оценку, по которой рыночная цена установлена на день уведомления ответчика об изъятии имущества.

Вышеприведенные примеры свидетельствуют о том, что суды первой инстанции увеличивают размер компенсации ввиду явной несоразмерности цены, указанной в гражданско-правовой сделке.

Изучение дел показало, что суды апелляционной инстанции, в свою очередь, увеличивают постановленные судом к выплате суммы компенсации при наличии следующих обстоятельств. Так, акимат г.Астана обратился в суд с иском к И. о принудительном отчуждении земельного участка с выплатой компенсации в сумме 18 тенге. Судом первой инстанции взыскана компенсация в размере 15 608 000 тенге, исходя из первоначальной оценки, инициированной истцом. При апелляционном рассмотрении гражданского дела по иску установлено, что при оценке имущества не приняты во внимание строения, легализованные ответчиком в январе 2015 года.

В этой связи, первоначальная оценка коллегией признана недостоверной. Ответчиком в свою очередь представлен другой отчет на сумму 34 675 000 тенге, который также не принят судом, поскольку стоимость имущества по нему определена на день оценки. Судом апелляционной инстанции по делу назначена строительно-товароведческая экспертиза, с заключением которой о стоимости имущества в сумме 25 009 751 тенге суд апелляционной инстанции согласился.

В то же время, необходимо отметить, что в случае предложения адекватной суммы компенсации собственники соглашались с предъявленными исковыми требованиями. К примеру, ответчиком П. в полном объеме признан иск акимата г.Астана о принудительном отчуждении земельного участка с расположенным на нем гаражом с выплатой компенсации в размере 1 930 000 тенге.

Увеличение суммы компенсации, как видно из вышеизложенного, вызвано очевидным несоответствием предложенной истцом компенсации стоимости изымаемого имущества.

В то же время, суды стремятся обеспечить конституционное право собственников отчуж-

даемого для государственных нужд имущества на равноценное возмещение.

Различное толкование норм закона, неоднозначность сложившейся судебной практики, установленные Законом различные методы определения стоимости земельного участка (по рыночной цене, по цене сделки, по кадастровой стоимости), в зависимости от основания возникновения прав на земельный участок, приводят к установлению различных цен на земельные участки, что не способствует реализации установленного статьей 14 Конституции Республики Казахстан принципа равенства всех перед законом и судом.

При одинаковых основаниях принудительного отчуждения имущества применяемый различный метод определения стоимости позволяет предоставлять более выгодные условия для лиц, которым земельный участок был выделен государством безвозмездно. Таким лицам обеспечивается полное возмещение рыночной стоимости изымаемого земельного участка.

Положение же лиц, которыми земельные участки приобретены по гражданско-правовой сделке, существенно отличается.

Практика показывает, что земельные участки приобретались в различное время. Истекший длительный период после приобретения недвижимого имущества, претерпеваемые периоды финансово-экономического кризиса, инфляции, изменяемые цены на недвижимость, зачастую приводят к несоответствию цены фактического приобретения в прошлом земельного участка ныне существующим рыночным ценам. Соответственно лицо, земельный участок которого изъят государством, не имеет возможности на определенную согласно Закону компенсацию приобрести равнозначную недвижимость.

Вопросы необходимости обеспечения конституционного права собственников отчуждаемого для государственных нужд имущества на равноценное возмещение, в то же время обязанность соблюдения норм Закона «О государственном имуществе», явились предметом обсуждения, проведенного в сентябре минувшего года круглого стола по реализации совместного проекта Верховного Суда и Генеральной прокуратуры «Справедливость – главный критерий правовой защиты». По итогам обсуждения выработаны рекомендации, в том числе об инициировании изменений и дополнений в Закон РК «О государственном имуществе», предусматривающих унификацию порядка определения стоимости земельных участков, изымаемых для государственных нужд, направленные на справедливое возмещение и пресечение схем незаконного получения завышенных компенсаций при изъятии имущества для государственных нужд.

ӘРКІМГЕ ҰЛТАРАҚТАЙ ЖЕР ҚЫМБАТ, алайда, оны заңдастыру мүлтіксіз орындалуы тиіс

Жер мәселесі – қазақтың ең өзекті мәселесі. Сондықтан қасиетті Жер-Анаға қатысты дүние өткен дәуірде де, осы дәуірде де және келешекте де маңыздылығын жоймақ емес.

Халық даналығында «Ұлтарактай болса да туып-өскен жер қымбат, ат төбеліндей болса да туып-өскен ел қымбат» демей ме?! Сондықтан, жер – халық қазынасы, тарихы, тәуелсіздігінің бір бөлшегі. Осы орайда қазіргі әлем елдерінде жерге қатысты әр түрлі ұстанымдар бар. Кейбірі жерді табыстың көзіне айналдырып, сатып, басқа да мақсаттарға беріп отырады. Ал, біздің халықтың ұстанымы өзгешелеу. Біз әлі жерді қасиетті мекен санаймыз. Туған жердің тасын да, тауын да қымбат санағандықтан, әлем елдеріндегі кейбір нормалардың еліміздің заңдарында көрініс табуына азаматтарымыз түбегейлі қарсы екендігін көрдік.

Қазақ халқында дауға себеп екі нәрсе болса, бірі – жер дауы, екіншісі – жесір дауы. Сол себептен де халықтың жерге деген құштарлығы мен жанкештігі әлі де бар. Әйтсе де, жерге жеке меншіктің енгізілуі жер төңірегіндегі дау-дамайлардың, заң бұзушылықтар мен қылмыстың, соның ішінде, жең ұшынан жалғасқан жемқорлықтың белең алуына түрткі болғаны жасырын емес.

Жерге байланысты туындап отырған өзекті мәселелер бүгінде жергілікті билік ауқымынан

шығып, үкіметтік деңгейге көтерілді. Өсіресе, үй салатын жер телімдерін беруге қатысты заңсыздықтар соңғы онжылдықта қатты белең алғаны ешкімге жасырын емес. Жерге қатысты дау-дамайды шешудің бірден-бір жолы – сот шешімі екені даусыз. Жер заңнамасын бұзу – даудың ерекше ауыр санатын құрайтындықтан, талдау көрсеткендей, бұл мәселенің ауқымы соңғы жылдары күрт өскендігі байқалады.

Статистикалық деректерге сүйенсек, егер 2015 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының соттарында жерге қатысты 1490 іс түсіп, соның 916-ы шешім шығарумен аяқталса, 2016 жылы 1265 істің 795-не шешім шыққан. Былтырғы көрсеткіштің едәуір кемігеніне қарағанда облыс соттары жерге қатысты құқықтық қатынастар саласындағы өзінің реттеуші қызметін толығымен орындап отыр деуге болады.

Тәуелсіздігімізді алған 25 жылдан астам уақыт ішінде жерге қатысты заңдар да уақыт талабына сай дамып, салада көптеген ілгерілеушіліктер орын алды. Еліміздің жер заңнамалары сатылап, нарықтық қатынас ескеріле отырып, жетілдірілуде. Осылайша, бүгінгі күні жерге қатысты дау-дамайларды реттейтін заңнамалық



Түгел БЕКІМБЕТОВ
Оңтүстік Қазақстан
облыстық сотының
азаматтық істер жөніндегі
сот алқасының төрағасы

база толық қалыптасты деуге болады. Бұл заңдар үй салатын жер телімдерінен бастап, шаруашылық, өндірістік мақсаттағы жерлерге қатысты дауларды да толыққанды реттеуге мүмкіндік беріп отыр.

Несін жасырамыз, кейбір аудан, қала әкімдері халыққа жер үлестіргенде, бей-берекетсіздікке жол береді. Мәселен, үш азаматқа қала әкімінің шешімімен бір ғана жер телімі берілген. Осы себепке байланысты дау пайда болып, олар сотқа жүгінген. Ал әділдік осы үшеуінің қайсысына тән? Әрине, сотта жерді бөлген әкімнің шешімі негізінде Жер комитетінен өзіне бөлінген жерге мемлекеттік актіні алған, оны жылжымайтын мүліктерді тіркеу орталығынан тіркеуден өткізген арыз иесі – жердің заңды иегері.

Кейбір жер алушылар өздерінің жерге деген құқықтарын уақытында заңдастырмайды. Ал, ол жерді екінші бір азаматқа бергенде, жер өзіне бөлінген деп дауласады. Бөлінген жерді сол уақыттан бастап пайдаланбайды әрі заңдастырмайды. Ал, екінші адам оған жерді белгілеп берген күннен бастап, сол жерде құрылыс жұмыстарын жүргізеді. Оған дейін ол жерді заң талаптарына сай өзінің атына заңдастырып та алады. Құжаттары толық реттелген мұндай жерді алуға ешқандай заңсыздыққа жол берілмейді. Өйткені, жерді уақытында игермегендіктен, азаматтар жер пайдалану құқығынан айрылады.

Тоқсаныншы жылдардан бастап, қала әкімдерінің шешімдерімен азаматтарға тұрғын үй салу үшін жерлер бөлініп берілген. Бірақ бұл азаматтар Жер комитетінен осы жерге акт алмаған, осы себепті ол жерлер тіркеуден өтпеген. Сонымен қатар, ол жерлер нысаналы мақсатта пайдаланылмай жата бергендіктен, ол жерлер комитеттің есебіне бос жерлер ретінде мемлекетке қайтарылып, басқа азаматтарға бөлініп беріледі. Олар берілген жерді тазалап, үй сала бастағанда, осы жерге әкімнің бұрынғы шешімі

негізінде оған ие болған азамат дауласады. Мұндай талап арыздардағы азаматтарға берілген жерлер уақытында және нысаналы мақсатта пайдаланбағандықтан, заң талаптарына сәйкес заңдастырылмағандықтан, мемлекеттік акт алынбағандықтан және осы құжаттар тіркеу органдарынан өтпегендіктен, ондай шағымдар сот шешімімен қанағаттандырылмайды. Ал, кейде берілген жерді жеке азамат өзінің атына заңдастырып алғандығына қарамастан, аудан әкімдері оны елемей, өз құзыретінің шегінен шығып, бұрынғы шешім негізінде берілген жерді екінші шешімімен басқа адамға беру жайттары да кездеседі. Егер азаматқа жер әкімнің шешімі негізінде бөлініп, жер туралы акті беріліп, ол жылжымайтын мүліктерді тіркеу органдарынан өткен болса, онда мұндай азаматтың жері тек сот шешімінің негізінде ғана алынуы мүмкін.

Мәселен, Шымкент қаласының әкімі жауапкер К.М. Баубековке мемлекет мұқтажы үшін алынуға байланысты жер телімі мен онда орналасқан жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы сотқа талап арызбен жүгінген. Өз кезегінде, К.М.Баубеков жер телімі мен жылжымайтын мүлік үшін жергілікті атқарушы органдардан 53 млн. 71 мың теңге көлемінде өтемақы өндіру туралы сотқа қарсы талап арызбен жүгінген.

Іс құжаттарына қарағанда, 2012 жылғы 12 мамырда сатып алу-сату келісім-шарты негізінде К.Баубеков 10 млн. 360 мың теңгеге Шымкент қаласы, Төлеби көшесі, №9 мекенжайда орналасқан жалпы алаңы 168,5 шаршы метрді құрайтын сауда павильонын уақытша өтеулі жер пайдалану құқығымен, жалпы алаңы 0,0192 гектар жер телімін сатып алған. Шымкент қаласы әкімінің 2014 жылғы 14 тамыздағы №1590 қаулысына сәйкес аталған жер телімі мемлекет мұқтажы үшін алынады деп шешілген.

Сотта анықталғандай, аталған мүліктің мемлекет мұқтажы үшін алынатыны туралы жауапкерге ескерту 2014 жылғы 15 тамызда тапсырылған. Алайда, жауапкер К.Баубеков өзіне берілген ескертуге қарамастан, жер учаскесінде орналасқан бітпеген құрылыс нысандарын аяқтау үшін құрылыс

жұмыстарын жүргізіп, құрылыс нысанын аяқтап, оны 2015 жылғы 24 қыркүйекте қабылдау комиссиясының актісімен пайдалануға қабылдаған.

Істі қарау барысында бірінші сатылы сот заңның бұл талаптарын сақтамай, К.Баубековке даулы жер учаскесі мемлекет мұқтажы үшін алынуға жататындығы туралы ескерту табысталған кезде құрылыс нысанының пайдалануға қабылданбағандығын, онымен құрылысқа шығындардың тәуекелге салып жұмсағандығын ескермей, К.Баубековтің пайдасына жылжымайтын мүліктің өтемақысы ретінде мемлекеттен 45 млн. теңгені негізсіз өндірген. Осыған қарап-ақ, жерге қатысты даулардың күрделі екенін аңғаруға болады.

Жергілікті жерлерде атқарушы биліктің бір жер телімін бірнеше адамға беруі, жерге қатысты шаралардың құқықтық бекіту құжаттарысыз жасалатын жайлары, жерге иелік ету құқығын оны қай мақсатта пайдалану қажеттігін айқындамастан беруі сияқты жайтар кездесіп жатады. Сонымен қатар, жергілікті атқарушы органдардың жерге иелік етуші тұлғаның құқығын бұзатын заңдық нормаларға қайшы келетін актілерді шығару оқиғалары да кездеседі. Осылардың барлығы, өз кезегінде, жерге қатысты дауламайлардың туындап, сотқа шағымданушылар қатарының көбейе түсуіне өзінің әсерін тигізеді.

Атқарушы және жерге қатысты тиісті органдар тарапынан жерді азаматтар мен заңды тұлғаларға берген кезде жерге қатысты заң талаптары қатаң сақталса, бұл, өз кезегінде, жеке және заңды тұлғалар арасындағы жер дауының азаюына өзінің үлкен септігін тигізеді. Бұған қоса, құзырлы органдар заңды жетік біле бермейтін қарапайым халыққа жер мәселесі жөнінде қосымша түсіндіру жұмыстарын жүргізіп отырса, дұрыс болар еді.



Жер заңнамасын сақтау - жерге қатысты дауды дұрыс шешу кепілі



**Оспан
МАМЫТБЕКОВ**
Жамбыл облыстық
сотының судьясы

Адамзаттың өмірге келуі, содан кейінгі барлық тыныс-тіршілігі жер бетінде өтеді, яғни адамның саналы өмірі жермен тығыз байланысты. Әр адам тұрмысында өзіне тиесілі үй-жайына, сол үй маңындағы жер теліміне меншік құқығына ие болады. Жерге деген меншік құқығына иелік біреуде бір қалыпты жағдайда пайда болса, кейбіреуде дау туындатуы мүмкін. Сондықтан жерге қатысты дау бүгінгі күні туындаған мәселе емес, адамзаттың пайда болуымен қалыптасқан десек, қателік болмайды.

Қазіргі кезде әлемнің кейбір мемлекеттерінің арасында жер аумақтарына қатысты даулар орын алып, оның соңы мемлекетаралық шиеленіске ұласып жатқаны баршамызға мәлім.

Қазақ халқында: «Жерді бергенің – елді бергенің» деген даналық сөз бар. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың көреген саясатының арқасында еліміз егемендік алған алғашқы жылдардан бастап мемлекетіміздің шекарасын көрші жатқан мемлекеттермен нақты анықтап алу алғашқы мәселенің бірі болды және бұл орасан жұмыс нәтижелі атқарылды. Қазіргі кезде мемлекетіміздің шекарасы нақты анықталған, көршілерімізбен жер мәселесіне қатысты дауымыз жоқ, мұның өзі бейбітшілікке бастаған үлкен жетістік емес пе?!

Сонау өткен ғасырдың соңын ала, еліміз егемендікке қол жеткізген соң мемлекетімізде жер қатынастарын реттеу жөнінде Қазақстан Республикасы Президентінің «Жер туралы» 1995 жылғы 22 желтоқсандағы № 2717 заң күші бар Жарлығы шықты, ол 1996 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа

енгізілді. Осы Жарлық алғаш рет жерге жеке меншік құқығын белгіледі.

Заңның толықтырылуы, өзгерілуі уақыт талабына сай әр кезеңдегі қоғамдық қатынастардан туындайды. Сондықтан болар, жер қатынастарын реттейтін «Жер туралы» заң 2001 жылғы 24 қаңтарда жаңа редакцияда қабылданып, кейіннен, 2003 жылғы 20 маусымда бұл заң Жер кодексі болып қайта қабылданды.

Қолданыстағы Жер кодексінің 5-бабында жер теліміне меншік құқығы мен жер пайдалану құқығы туындауының, өзгертілуі мен тоқтатылуының негіздерін, шарттары мен шектерін, жер телімдерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыру тәртібін белгілеу, жерді ұтымды пайдалану мен қорғауды, топырақ құнарлылығын ұдайы қалпына келтіріп отыруды, табиғи ортаны сақтау мен жақсартуды қамтамасыз ету мақсатында жер қатынастарын реттеу, шаруашылық жүргізудің барлық нысандарын тең құқықпен дамыту үшін жағдайлар жасау,

жеке және заңды тұлғалар мен мемлекеттің жерге құқықтарын қорғау, жылжымайтын мүлікті нарығын дамыту, жер қатынастары саласындағы заңдылықты нығайту жер заңдарының міндеттері ретінде көрсетілген.

Жер қатынастарынан туындайтын даулар сотта қарауға жатады және оның соттылығы Қазақстан Республикасының Азаматтық процесстік кодексінің 31-бабында көрсетілген айрықша соттылыққа жатады, яғни талап қою арызы жер телімінің орналасқан жері бойынша сотқа беріледі.

Жер қатынастарынан туындайтын дауларға, негізінен, жер телімін беру немесе беруден бас тарту, жер телімін бөлу, сервитут тағайындау, жер телімін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару, мақсаты бойынша пайдаланылмаған және игерілмеген жер телімін меншік иесінен және жер пайдаланушыдан мәжбүрлеп алып қою сияқты даулар жатады.

Еліміздің жер заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және Жер кодексі мен осы заңға сәйкес қабылданатын нормативтік құқықтық актілерден тұрады.

Жер теліміне құқық берудің тәртібі Жер кодексінің 43-бабында толық қамтылған. Осы Кодекстің 44, 44-1 және 45-баптарында көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік меншіктегі жерден, сондай-ақ 48-бабына сәйкес сауда-саттыққа (конкурстарға, аукциондарға) шығарылатын жерден жер теліміне құқық беру мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) жер теліміне тиісті құқық беру туралы өтінішті қарауға қабылдау;

2) сұралып отырған жер телімін аумақтық аймақтарға бөлуге сәйкес мәлімделген нысаналы мақсаты бойынша пайдалану мүмкіндігін айқындау;

3) жер телімін алдын ала таңдау (елді-мекен шегінде объектілер салуды қоспағанда, объектілер салу үшін жер телімі сұралған кезде);

4) тиісті жергілікті атқарушы органдар құратын комиссияның жер телімін беру туралы қорытындысын дайындауы;

5) жерге орналастыру жобасын әзірлеу және бекіту;

6) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар

қаланың жергілікті атқарушы органының, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің жер теліміне құқық беру туралы шешім қабылдауы;

7) сатып алу-сату немесе уақытша (қысқа мерзімді, ұзақ мерзімді) өтеулі (өтеусіз) жер пайдалану шартын жасасу;

8) жергілікті жердегі жер телімінің шекарасын белгілеу;

9) елді-мекен шегінде объектілер салуға арналған жер телімін қоспағанда, жер теліміне сәйкестендіру құжатын дайындау және беру. Яғни жер теліміне құқықты алу үшін жоғарыда аталған талаптар толық орындалуы тиіс.

Осы баптың 2-тармағына сәйкес, жер телімдерін меншікке немесе пайдалануға беруді облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері Жер кодексінде белгіленген өз құзыреті шегінде жүзеге асырады.

Жер телімін беру туралы шешім комиссияның оң қорытындысы және жерге орналастыру жобасы негізінде қабылданады. Жер теліміне меншік және (немесе) жер пайдалану құқықтарының өздеріне берілуіне мүдделі жеке және заңды тұлғалар өтініш берушіге өтініштің берілгенін растайтын құжатты беретін, жер телімі орналасқан жер бойынша жергілікті атқарушы органға, яғни, әкімнің атына өтініш береді.

Жер телімін беру туралы шешім комиссияның оң қорытындысы және жерге орналастыру жобасы негізінде қабылданады. Жер теліміне меншік және (немесе) жер пайдалану құқықтарының өздеріне берілуіне мүдделі жеке және заңды тұлғалар өтініш берушіге өтініштің берілгенін растайтын құжатты беретін, жер телімі орналасқан жер бойынша жергілікті атқарушы органға, яғни, әкімнің атына өтініш береді.

Өтініште жер телімін пайдалану мақсаты, оның болжамды көлемі, орналасқан жері, сұралып отырған пайдалану құқығы, басқа жер телімінің болуы (болмауы) көрсетілуге тиіс. Пайдалы қазбалар шығарылатын жағдайда

өтінішке жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттың көшірмесі қоса беріледі.

Сұралып отырған жер телімін аумақтық аймақтарға бөлуге сәйкес мәлімделген нысаналы мақсаты бойынша пайдалану мүмкіндігін айқындау үшін жер теліміне құқық беру туралы өтініш жер телімі орналасқан жер бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың уәкілетті органдарына үш жұмыс күні ішінде келіп түседі.

Жер телімі орналасқан жер бойынша облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың уәкілетті органы және тиісті жергілікті атқарушы органдардың сәулет және қала құрылысы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшелері сұралып отырған жер телімін аумақтық аймақтарға бөлуге сәйкес мәлімделген нысаналы мақсаты бойынша пайдалану мүмкіндігін айқындайды.

Сұралып отырған жер телімін мәлімделген нысаналы мақсаты бойынша пайдалану мүмкіндігі туралы ұсыныстарды әзірлеу мерзімі өтініш келіп түскен кезден бастап он жұмыс күніне дейінгі мерзімді құрайды.

Жер телімдерін беру жоғары тұрған атқарушы органның құзыретіне кіретін жағдайларда облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы,

аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкімі жерге орналастыру ісін өз шешімімен бірге жоғары тұрған органға түпкілікті шешім қабылдау үшін жібереді.

Жер теліміне құқық беру туралы өтінішті қараудың жалпы мерзімі ол түскен кезден бастап екі айға дейінгі мерзімді құрайды. Егер өтініш беруші жер телімдері мәжбүрлеп алып қойылған тұлғалардың тізілімінде тұрған немесе өтініш беруші жер теліміне құқық беру туралы не оны беруден бас тарту туралы шешім қабылдау үшін қажетті құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайларда жер телімі орналасқан жер бойынша уәкілетті орган екі жұмыс күні ішінде өтініш

берушіге өтінішті қараудан бас тартуды жазбаша түрде береді.

Ал, жер телімін беруден бас тарту туралы шешім комиссияның қорытындысы шығарылған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде комиссияның теріс қорытындысы негізінде қабылданады. Жер телімін беруден бас тарту уәждепген болуға тиіс.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы заңның 1-бабының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілгендей, әкім – жергілікті атқарушы органды (ол құрылған жағдайда) басқаратын және тиісті аумақта мемлекеттік саясаттың жүргізілуін, Қазақстан Республикасы орталық мемлекеттік органдарының барлық аумақтық бөлімшелерінің үйлесімді қызмет істеуін, тиісті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдарға басшылықты қамтамасыз ететін, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жергілікті мемлекеттік басқару өкілеттігі және өзін-өзі басқару функциялары берілген, тиісті аумақтың әлеуметтік-экономикалық дамуының жай-күйіне жауапты Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің өкілі; әкім аппараты – жергілікті атқарушы органның (ол құрылған жағдайда) және әкімнің қызметін қамтамасыз ететін мемлекеттік мекеме; әкімшілік – аумақтық бөліністі басқару схемасы – тиісті аумақта орналасқан, тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністің бюджетінен қаржыландырылатын атқарушы органдар жүйесі.

Сот тәжірибесінде жерге қатысты туындайтын даулар бойынша көбінесе талап әкімнің аппаратына немесе әкімдікке қойылады. Жоғарыда аталған заң талабына сәйкес, әкімнің аппаратының, әкімдіктің құзыретіне жер қатынастарын реттеу мәселесін қарау жатпайды. Сондықтан, осы санаттағы даулардан туындайтын талап жергілікті атқарушы органды басқаратын әкімге қойылуы тиіс.

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің жер теліміне құқық

беру туралы шешімі облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың тиісті уәкілетті органы бекіткен жерге орналастыру жобасы келіп түскен кезден бастап жеті жұмыс күніне дейінгі мерзімде қабылданады.

Жер қатынастары жөніндегі уәкілетті орган жер теліміне құқық беру туралы шешім қабылданған күннен бастап он жұмыс күнінен кеш емес мерзімде, сол шешімнің негізінде сатып алу-сату немесе уақытша (қысқа мерзімді, ұзақ мерзімді) өтеулі (өтеусіз) жер пайдалану шартын жасасады.

Жергілікті жердегі жер телімінің шекарасын белгілеу өтініш берушінің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтініш беруі негізінде жүзеге асырылады.

Жер теліміне сәйкестендіру құжатын дайындауды және беруді мемлекеттік жер кадастрын жүргізетін Мемлекеттік корпорация Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен алты жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

Мемлекеттік меншіктегі жер телімдері мен сол жер телімдерін жалдау құқығы осы Кодекстің 48-бабында белгіленген ережелер ескеріле отырып, сауда-саттықта (конкурстарда, аукциондарда) сату объектілері болуы мүмкін.

Мемлекеттік жер кадастрын жүргізетін Мемлекеттік корпорация беретін құжаттарға мыналар жатады: жер телімі жеке меншікте болған кезде – жер теліміне жеке меншік құқығы актісі; тұрақты жер пайдалану кезінде – тұрақты жер пайдалану құқығы актісі; уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) кезінде – уақытша өтеулі (ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді) жер пайдалану (жалдау) құқығы актісі; уақытша өтеусіз жер пайдалану кезінде – уақытша өтеусіз жер пайдалану құқығы актісі.

Сот тәжірибесінде жер телімін беру туралы шешіммен бірге актіге де дау айтылып жатады. Алайда, жер теліміне берілетін акт сәйкестендіру құжаты болып табылады және ол жер телімін беру туралы шешімнің негізінде дайындалады. Мұндай акт өздігінен жер теліміне құқықты туындатпайтындықтан, оған дау айту сот тәртібімен қарауға жатпайды.

Жер теліміне құқықтар ауысқан кезде сәйкестендіру құжаты сатып алушыға немесе өзге де құқық иеленушіге беріледі. Жер телімінің сәйкестендіру сипаттамаларында өзгерістер болмаған жағдайда, мемлекеттік жер кадастрын жүргізуді жүзеге асыратын орган жаңа сәйкестендіру құжатын бермейді, жер кадастры кітабына және жердің бірыңғай мемлекеттік тізіліміне жер теліміне құқықтардың ауысуы туралы мәліметтер енгізіледі.

«Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 26 шілдедегі заңының 4-бабының 4) тармақшасына сәйкес, кемінде бір жыл мерзімге берілген жер пайдалану құқығы мемлекеттік тіркеуге жатады. Сонымен қатар, жер теліміне құқықтардың ауысуы туралы мәліметтерді енгізу жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын орган ұсынатын материалдар негізінде жүргізіледі.

Жергілікті атқарушы органның жер телімін беру туралы шешімінде өзгеше көзделмесе, жер телімінің нақтылы (белгілі бір жердегі) шекарасы белгіленгенге дейін және құқық белгілейтін құжаттар берілгенге дейін жер теліміні пайдалануға жол берілмейді. Осы норманы сақтамау жер телімін өз бетінше иеленіп алу деп бағаланады және Қазақстан Республикасының әкімшілік

құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес әкімшілік жауаптылыққа әкеліп соқтырады.

Жер теліміне меншік құқығын тиісінше заңда көрсетілген тәртіппен тіркеген меншік иесі Жер кодексінің 25-бабына сәйкес, жеке меншігіндегі жер телімін өз қалауынша пайдалануға, иеленуге және билік етуге құқылы. Ал, құқық белгілейтін құжаттары ресімделмеген жер телімдеріне қатысты мәмілелер жасасуға жол берілмейді.

Жер қатынастарынан туындайтын дау өзекті мәселе болғандықтан, мұндай санаттағы дауларды сотта қарауға тағайындауға дейінгі дайындау кезінде қойылған талаптың нысанасын, оның негіздемесін, істің мән-жайын айқындайтын дәлелдемелерді нақтылап алу қажет. Істің сотта қаралуына тиянақты дайындық жүргізген жағдайда даудың дұрыс және жылдам шешілуіне мүмкіндік болады.



О судебной практике рассмотрения споров, связанных с изъятием земель для государственных нужд



Роза ЕРТАЕВА
Судья Акмолинского
областного суда

Среди всех богатств, которыми владеет человек, самое ценное, несомненно, земля - источник нашей силы и богатства. Наше благосостояние зависит от того, как мы ее бережем, насколько умело и рачительно хозяйствуем на ней.

В силу статьи 26 Конституции Республики Казахстан принудительное отчуждение имущества для государственных нужд может быть произведено в исключительных случаях, предусмотренных законодательством, при условии равноценного его возмещения.

Согласно данным за 2014, 2015 годы и 1 полугодие 2016 года дела данной категории рассматривались только Аршалынским, Шортандинским районными судами, специализированным межрайонным экономическим судом Акмолинской области и Кокшетауским городским судом.

Статистика свидетельствует о незначительном количестве дел указанной категории и о тенденции уменьшения числа гражданских дел о принудительном отчуждении земельного участка для государственных нужд. Так, за 12 месяцев 2014 года: из 95 дел и заявлений, поступивших в суды, возвращено 49, принято к производству суда – 39 фактически, оставлено без рассмо-

трения - 21, по 5 делам вынесены решения об удовлетворении иска, по 1 делу отказано в удовлетворении иска. За 12 месяцев 2015 года:

в суды области поступило исковых заявлений – 46, возвращено – 1, принято – 45, оставлено без рассмотрения – 25 заявлений. 15 дел окончены с вынесением решения об удовлетворении иска, 1 дело направлено по подсудности. За 1 полугодие 2016 года: поступило 8 исковых заявлений, принято – 6, возвращено - 1, оставлено без рассмотрения - 1, по 2 делам вынесены решения об удовлетворении иска, направлено по подсудности – 2 дела.

Принудительное отчуждение земельного участка или иного недвижимого имущества в связи с изъятием земельного участка для государственных нужд может осуществляться исключительно в отношении земельного участка. Вместе с тем, пунктом 1 статьи 61 Закона «О государственном имуществе» предусмотрено исключение.

Так, данная норма предусматривает возможность принудительного отчуждения для государственных нужд в отношении зданий, сооружений и иных объектов недвижимости (жилищ, жилых домов (жилых зданий), жилых помещений (квартир), нежилых помещений), расположенных на земельном участке, если право частной собственности на земельный участок не может быть подтверждено на основании сведений из правового кадастра и (или) правоустанавливающих документов.

С момента получения уведомления о принудительном отчуждении земельного участка или иного недвижимого имущества государство имеет преимущественное право его покупки.

Принципы осуществления принудительного отчуждения земельного участка или иного недвижимого имущества, в связи с изъятием земельного участка для государственных нужд:

- является исключительным случаем отчуждения имущества, находящегося в собственности физических лиц и негосударственных юридических лиц;

- может быть осуществлено только при невозможности использования всех иных возможных случаев отчуждения имущества, предусмотренных Гражданским кодексом Республики Казахстан и законами Республики Казахстан;

- допускается только в том объеме, в каком это необходимо для удовлетворения государственных нужд;

- не допускается принудительное отчуждение земельного участка при наличии иного (альтернативного) способа удовлетворения государственных нужд;

- не может быть признано изъятием имущества для государственных нужд любое изъятие имущества:

- преследующее коммерческие цели негосударственных юридических лиц;

- цели удовлетворения негосударственных интересов;

- не вытекающее из целей осуществления государственных функций;

- не преследующее общественно значимые цели.

Последствия нарушения принципов осуществления принудительного отчуждения земельного участка являются основанием для отказа судом в принудительном отчуждении земельного участка или иного недвижимого имущества в связи с изъятием земельного участка для государственных нужд и отмены принятого постановления о начале принудительного отчуждения земельного участка.

Иски по спорам предъявляются местным исполнительным органом в районный (городской) суд по месту нахождения земельного участка, подлежащего принудительному отчуждению для государственных нужд.

В случаях, когда в исках ответчиками указаны собственники, землепользователи, являющиеся негосударственными юридическими лицами, гражданами, осуществляющими предпринимательскую деятельность без образования юридического лица, использующими домостроение или земельный участок для предпринимательской деятельности, такие иски предъявляются в специализированные межрайонные экономические суды.

При этом судам следует иметь в виду, что местный исполнительный орган в соответствии со статьей 88 Земельного кодекса, пунктом 7 статьи 65 и пунктом 4 статьи 69 Закона вправе обратиться в суд с соответствующим иском при не достижении соглашения о передаче имущества с кем-либо из заинтересованных лиц, указанных в пункте 3 Закона.

Рыночная стоимость земельного участка определяется:

- независимым оценщиком в соответствии со статьей 208 Закона.

- на момент получения собственником или негосударственным землепользователем уведомления

о предстоящем принудительном отчуждении земельного участка для государственных нужд.

Согласно п.2 ст.67 Закона стоимость земельного участка, отчуждаемого для государственных нужд, перешедшего к собственнику по гражданско-правовой сделке или по решению суда, определяется в размере стоимости, указанной в гражданско-правовом договоре или в решении суда, но не превышающей рыночную стоимость.

В случае, если в гражданско-правовом договоре цена за земельный участок не указана, стоимость земельного участка определяется по его кадастровой (оценочной) стоимости.

Так, решением Шортандинского районного суда от 10 апреля 2014 года иск акима Шортандинского района к М. о принудительном изъятии земельного участка для государственных нужд удовлетворен, произведено принудительное изъятие земельного участка, принадлежащего М., для государственных нужд с выплатой М. компенсации в размере 300 000 тенге. Согласно договору купли-продажи земельного участка от 24 августа 2012 года стоимость земельного участка составляет 300000 тенге.

Таким образом, при определении компенсации суд обоснованно исходил из суммы, указанной в договоре купли-продажи.

Следует отметить, что документы, связанные с оценочной деятельностью, не имеют заранее установленной силы, и подлежат оценке судом наряду с другими доказательствами по делу.

Акима г.Кокшетау обратился к Т. с иском о принудительном отчуждении земельного участка с выплатой денежной компенсации в размере 14 977 073 тенге. Решением Кокшетауского городского суда от 29 октября 2015 года иск удовлетворен.

Из материалов дела следует, что согласно постановлению акимата г. Кокшетау от 15 апреля 2015 года, земельный участок изымается во исполнение утвержденного Генерального плана г. Кокшетау, участок подпадает под зону принудительного отчуждения для государственных нужд - под обустройство объекта «Дворец бракосочетания». Установлено, что ответчик не оспаривает принудительное изъятие земельного участка, не согласна только с размером компенсации.

Согласно статье 67 Закона при несогласии с оценкой, собственник в течение одного месяца вправе инициировать согласительные процедуры. Ответчик с 18 апреля 2015 года в течение одного месяца не воспользовалась этим правом.

Суд, удовлетворяя иск, при определении стоимости земельного участка исходил из оценки ТОО «Альянс Риэлт Сервис» от 5 февраля 2015 года, согласно которой рыночная стоимость земельного участка со строениями и насаждениями определена в сумме 14 977 073 тенге, что не превышает ее рыночную стоимость.

По ходатайству ответчика судом была назначена судебная строительно-товароведческая экспертиза, в ходе которой стоимость определена – 17 469 715 тенге. Судом данный документ не принят во внимание, так как указанная в нем оценка не отображает рыночной стоимости изымаемого земельного участка, поскольку в качестве аналогов взяты земельные участки, несопоставимые с изымаемым земельным участком по размеру – от 0,050 га до 0,1311 га, также по месту расположения.

В суд апелляционной инстанции ответчиком представлен новый отчет от 30 ноября 2015г. об оценке недвижимости, где рыночная стоимость земельного участка составляет 20 878 000 тенге. Коллегией данное доказательство не принято, поскольку изготовление оценки после вынесения решения суда является процессуальным упущением ответчика. Эти доводы могли быть приведены оценщику для проведения согласительной процедуры или

повторной оценки, если бы ответчик своевременно провела такую работу.

Практика показывает, что не всегда местным исполнительным органом соблюдается процедура проведения принудительного отчуждения земельного участка.

Так, акимат г. Кокшетау обратился в суд с иском к Н. о принудительном отчуждении земельного участка с выплатой Н. денежной компенсации в размере 10 015212 тенге в связи с изъятием для государственных нужд, мотивируя свои требования тем, что согласно генеральному плану застройки г. Кокшетау на месте расположения земельных участков ответчиков запланировано обустройство сквера имени 60-летия Победы в Великой Отечественной войне.

В ходе судебного разбирательства истец уточнил требования, определив сумму компенсации в 7 039 134 тенге. Решением Кокшетауского городского суда от 9 октября 2015 года иск акимата города удовлетворен. Указанное дело было предметом кассационного рассмотрения. Судебная коллегия по гражданским делам Верховного Суда Республики Казахстан отменила судебные акты местных судов.

Кассационная инстанция указала, что согласно статье 15 Закона «О жилищных отношениях» при сносе жилого дома в связи с принудительным отчуждением земель-

ных участков для государственных нужд собственнику до сноса его жилища по его выбору предоставляется в собственность благоустроенное жилище или выплачивается компенсация в размере рыночной стоимости жилища.

Компенсация за изымаемый земельный участок и (или) домостроение должна быть равноценной, позволяющей в зависимости от интересов собственника имущества использовать его по назначению и извлекать полезные свойства в соответствии с назначением, либо, если она осуществляется в денежном выражении, позволяет приобрести аналогичное имущество в соответствующем населенном пункте.

По данному делу собственнику земельного участка предложена лишь денежная компенсация. Таким образом, истцом процедура изъятия земельного участка и другого недвижимого имущества не была соблюдена, поскольку ответчику не было предложено равноценное жилье.

Согласно п.7 ст.65 Закона гражданские дела по искам о принудительном отчуждении земельного участка или иного недвижимого имущества в связи с изъятием земельного участка для государственных нужд рассматриваются и разрешаются в месячный срок со дня окончания подготовки дела к судебному разбирательству.



Қазақ халқының әдет-ғұрып заңдарындағы жерге меншік құқығының бұзылуынан туатын даулар жер дауы деп аталған. Ертеде жер дауының дұрыс шешілмеуі руаралық сенімге селкеу түсіріп, ел бірлігінің бұзылуына және ағайынның араздығына әкеліп соқтырған.

Сондықтан, жер даулары белгілі заңдар арқылы өз шешімін тауып отырған. Мәселен, «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» деген атпен белгілі заңдар жүйесінде, Тәуке хан тұсындағы «Жеті жарғыда» жер дауларын шешудің барынша тиімді жолдары қарастырылған.

ЖЕР ДАУЛАРЫН СОТТА ШЕШУ ТӘРТІБІ



Айжан МОЛБАЕВА
Маңғыстау облыстық
сотының судьясы

Қазақстан – жер көлемі жағынан әлемде тоғызыншы орын алатын мемлекет. Ата-бабамыз осынау кең байтақ жерді ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен қорғап, бізге аманат етіп қалдырды. Сондықтан да, жер – біздің басты байлығымыз. Қазіргі таңда еліміздегі жер дауына қатысты барлық мәселелер азаматтық заңнамаға сәйкес реттеледі.

Бүкілхалықтық референдумда қабылданған Конституциямыздың 6-бабында жерге мемлекеттік меншікпен қатар, жеке меншік құқығы танылатындығы жазылған. Осыған байланысты 1995 жылдың 22 желтоқсанында Президенттің заң күші бар Жарлығы қабылданып, елімізде тұңғыш рет жерге меншік құқығы енгізілді. Аталған Жарлықты одан әрі жетілдіру мақсатында елімізде 2001 жылы 24 қаңтарда «Жер туралы» заң қабылданды. 2003 жылы 20 маусымда Жер кодексі қабылданды. Осы жылдар ішінде аталған заңдарды іске асыру мақсатында Жер ресурстарын басқару агенттігі Үкіметтің

бірнеше актілерін дайындаған болатын. Жер кодексі іс жүзінде жер қатынастарының реттелуіне негіз болды.

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 22-бабына сәйкес, жер теліміне меншік құқығын табыстау меншік құқығын беру, меншік құқығының әмбебап құқықтық мирасқорлық тәртібімен (мұраға қалдыру, заңды тұлғаның қайта ұйымдастырылуы) ауысуы арқылы туындайды.

Жер телімінің меншік құқығы мемлекеттік органдар актілерінің, азаматтық-құқықтық мәмілелердің, Қазақстан Республикасының заңында көзделген өзге де негіздер арқылы пайда болады. Азаматтық кодекстің 188-бабына сәйкес, меншік құқығы дегеніміз – субъектінің заң құжаттары арқылы танылатын және қорғалатын өзіне тиесілі мүлікті өз қалауынша иелену, пайдалану және оған билік ету құқығы.

Меншік құқығы мәміле жасалған кезде болған барлық міндеттемелерімен бірге басқа адамға

беріледі. Иелену құқығы дегеніміз – мүлікті іс жүзінде иеленуді заң жүзінде қамтамасыз ету. Меншік иесі өз мүлкін иеленіп, пайдаланумен қатар, оған билік ете алады. Меншік иесі өзінің құқығы бұзылған жағдайда пайда болған құқық бұзушылықтарды жоюды талап етуге құқылы.

Жер кодексінің 25-бабының 1-тармағына сәйкес, жер телімінің меншік иесі мемлекеттік органдардан қандай да бір рұқсат алмай-ақ өз қалауынша жерге иелік ету, пайдалану, билік ету құқығын жүзеге асыра алады.

Жер телімінің меншік иесі немесе жер пайдаланушы өзінің жер телімін өзгенің заңсыз иелігінен босатуды талап етуге құқығы бар. Өз бетінше мемлекеттік меншіктегі және жер пайдалануға берілмеген жер құрамынан иеленіп алған жер телімін кері қайтаруды талап етуді жер телімі орналасқан жергілікті атқарушы органдар жүзеге асырады.

Заңсыз иеленуші әкімшілік құқығын бұзушылық туралы заңнамада көзделген жазалау шараларын қолдану сәтінен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде өз бетінше иеленіп алған жер телімін босатуға міндетті және сол жер телімінде Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, өз бетінше иеленіп алған жер телімін босату және сондай-ақ телімінде салынған құрылыстарды бұзу бойынша заңсыз иесіз міндеттерді орындамауға байланысты даулар сот тәртібімен шешіледі.

Жер теліміне құқық белгілейтін құжат – туындаған заңды фактілерді растайтын құжат. Сол құжаттардың негізінде жер теліміне берілген құқық туындайды, өзгереді немесе тоқтатылады, соның ішінде шарттар, соттардың шешімдері, атқарушы органдардың құқықтық актілері, мұраға құқық куәлігі, жер телімін меншік құқығында иеленген өтеулі жер пайдалану құқығын (жалдау) сатып алған мемлекеттік емес заңды тұлғалардың қайта құрылған кезде мұраға құқық куәлігін өткізу актісі немесе бөлу балансы, сонымен қатар, жер теліміне сәйкестендіру құжаттары болуы тиіс. Бұл дегеніміз – жер, құқықтық және қала құрылысы кадастрларын жүргізу мақсатында қажет жер телімінің сәйкестендіру сипаттамаларын қамтитын құжат.

Істердің аталған санаты бойынша сотқа, әдетте, мынадай талаптар түсіп жатады:

- 1) Жер телімін өзгенің заңсыз иелігінен талап ету туралы;
- 2) Мәміленің жарамсыздығын мойындау туралы;
- 3) Жер телімін пайдалану тәртібін белгілеу туралы;
- 4) Меншік құқығын айырумен байланысты емес құқық бұзушылықтарды жою туралы.

Жер теліміне меншік құқығы және жер пайдалану құқығы Азаматтық кодексте және

басқа да заң актілерінде көзделген тәртіппен қорғалады. Жер телімін өзгенің заңсыз иелігінен қайтару талабы туралы дауларды шешу, жер телімін пайдаланудағы кедергілерді жою кезінде талапкердің атына талап етілетін жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық органның талап арызы бойынша жер телімін белгілі-бір тәртіппен алып қою заңда көзделген және сот тәртібіне сәйкес шешіледі. Осы ретте, дауды сотқа дейін алдын-ала реттеудің тәртібі заңда көзделген.

Өз бетімен басып алынған жерлерді қайтару және заңсыз салынған құрылыстарды бұзу туралы талап арыздарды қарау кезінде соттар заңда белгіленген өз бетінше салынған тұрғын үй құрылысын, басқа да құрылыс, ғимарат немесе өзге де жылжымайтын мүлік бұл мақсаттарға бөлінбеген жер теліміне тұрғызылғанын, сондай-ақ рұқсатсыз салынғанын ескеруі қажет.

Жер теліміне құқық орнататын құжаттар талап арызға қоса берілуі тиіс. Істі сот талқылауына дайындау аясында сот тараптардың өзара қатынастарын, даулы қатынастардың пайда болған уақытын, себебін анықтауы, тараптарға даулы жер телімдеріне құқығын орнататын және сәйкестендіру құжаттарын ұсынуы қажет. Даулардың ауқымды бөлігін жер телімдерін босату бойынша талап арыздарға қатысты істер құрайды.

Жер телімдерін босату туралы талап арыздардың берілуіне жеке және заңды тұлғалардың рұқсатсыз жер телімін өз бетінше иеленуі негіз болып табылады. Бұл мәселені дұрыс шешу үшін жер телімін алып қою және өз бетінше иеленіп алынған жер телімін босатуға қойылатын талаптарды ажырата білу керек. Егер тұлға өз бетімен құрылыс салған жағдайда Азаматтық кодекстің 244-бабы, 3, 4-тарауында көзделген жағдайларды қоспағанда, тұлғаның өз есебінен бұзуына негіз болады. Осы жер телімі белгіленген тәртіп бойынша тұрғызылған құрылысты салуды жүзеге асырған жағдайда салынған құрылыс сот шешімінің негізінде тұлғаның меншігі деп танылады.

Бір жер теліміне құқықты белгілейтін құжат түрлі тұлғаларға берілген жағдайда туындайтын даулардың елеулі бөлігін құрайды, сондай-ақ жер телімдерінің меншік иелері арасындағы даулар жер телімінің шекарасы бұзылған жағдайда пайда болады. Өзінің жер телімін бөлу және қайта бөлу процесінде жерге орналастыруды жүргізу кезінде берілген жер телімін пайдалану құқығы жайлы мемлекеттік органдардың

және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының шешімін, меншік құқығын және жер пайдалану құқығы туралы мемлекеттік актілерді жарамсыз деп танылған кезде істер қозғалады.

Меншік құқығын және жерді пайдалану құқығын ұсынған немесе тоқтатқан кезде жер заңнамасы нормаларының бұзылуы, азаматтарға жер телімдеріне құқық беру, олардың шекарасын белгілеу туралы әкім шешімдері мен әкімдік қаулыларының заңсыздығы, жер қатынастары саласындағы мемлекеттік уәкілетті органдардың әрекетсіздігі туындайтын даулардың негізгі себептері болып табылады. Жер телімдерінің көбі кадастрлық есепке мүлдем алынбағаны немесе олардың шекарасы анықталмай, кадастрлық есепке қойылмағаны даулардың пайда болуына себеп болып табылады.

Кадастрлық жұмыстарды жүзеге асыру процесінде жер телімі шекараларының орналасқан жерін анықтау бойынша шекараларды белгілеу кезінде даулар пайда болады. Тараптарға тиесілі, құқықтары белгіленбеген құжаттары бар жер телімдері алаңдарының сәйкес келмеген фактісі талап қоюшының жер телімінің бір бөлігін жауапкер пайдаланғаны нақты болмауы мүмкін, өйткені, мұндай сәйкес келмеушілік басқа да себептерге байланысты болуы мүмкін.

Екі немесе одан да көп меншік иесі бір жер теліміне меншік құқығының пайда болғаны жөнінде дауды шешу, аралас жер телімдерінің шекарасын бұзу кезінде соттар Жер кодексінің 43-бабында белгіленген талаптарды ұстанады. Жер телімінің шекарасын нақты белгілегенге дейін және жер ресурстарын басқаратын уәкілетті органдар, егер жер телімін бөліп беру атқарушы органдардың шешімінде өзгеше көзделмесе, жер теліміне иелік құқығын куәландыратын құжаттардың берілуіне рұқсат етпейді. Бұл талаптардың орындалмауы жер телімін өз бетінше иелену деп қарастырылады. Құқықты куәландыратын құжаттары рәсімделген жер телімдеріне мәмілелер жасауға жол берілмейді.

Істі сот талқылауына дайындау және қарау шеңберінде соттар:

- даулы жер теліміне құқықты қайтару құжаттарын;
- жер телімінің пайда болу кезінде оның өлшемі, конфигурациясы, жер телімінің орналасқан жерінің шекарасын анықтайтын басқа да құжаттарды;
- мемлекеттік жылжымайтын мүлік кадастрынан дауласып жатқан тараптардың жер телімдері жайлы құжаттарын;
- бүгінгі күні (нақты) шекаралардың орналасқан жеріне қатысты анықтаманы;



- даулы жер телімдерінің арасында шекараның өзгергенін анықтау, заң тәртібімен белгіленген жағдайда, әлде, тараптардың өз бетінше жасаған іс-әрекеттері нәтижесінде мұндай өзгерістер болған немесе болмағанын, осы себепті аралас жер телімдері көлемдерінің өзгерген немесе өзгермегеніне қатысты анықтаманы талап ете алады.

Талапкер жергілікті атқарушы органның шешімдерін даулау туралы немесе уәкілетті органдар мен осы тұлғалар арасында жасалған мәмілелерді, жер теліміне иелену құқығының бұзылуына байланысты аталған органдар мен тұлғалардың іс-әрекеттерін жарамсыз деп тану туралы талаптарды қойған жағдайда сот мыналарды анықтауы қажет:

- талапкердің жер теліміне құқығының бар-жоқтығын, бар болса оның немен расталатынын;
- осы құқықтың бұзылуына не себеп болғанын (жер телімінің бір-біріне жапсарлас алынуы, жер телімін басып алу, басқа тұлға пайдасына жер телімін иеліктен шығару және т.б.

«Ұлтарақтай болса да, ата қоныс – жер қымбат» демекші, жер біздің стратегиялық қорымыз болғандықтан, оны халықтың мүддесіне пайдалану – негізгі міндет. Соңдықтан да, жерімізді заң шеңберінде барынша тиімді және ұтымды пайдалансақ, онда жерге қатысты даулардың туындау ықтималдығы азая түсер еді.

ЖЕР ДАУЫНДА ЗАҢ ЖЕҢЕР

Қазақ тарихында шешуі қиын даудың бірі ежелден жер дауы болып келсе, бүгінде жер-құқықтық қатынастардан туындаған даулар соттар үшін күрмеуі қиын дауларға айналған.



Шолпан МАЛИКОВА
Қызылорда облыстық
сотының судьясы

Жерге дауласқан тараптардың басым көпшілігі жеке тұлғалар, яғни, кінәні өзінің бейғамдығынан, заңды білмеуінен, уақытылы құжат ресімдемеуінен, өзінің құқықтарын қорғауға құлықсыздығынан іздемей, заңға, билікке, сотқа өкпелеп, кейде тіпті қара күйе жағып кететіні таң қаларлық емес.

Тіптен олардың қолындағы бар жиған-терген ақшасын «Жер алып беремін» деген жылпосқа бере салатынын қайтерсіз. Онымен қоймай, «Құжатын жасап жатыр» деген сөзге малданып, әлгі жылпостың көрсеткен жеріне барып, бес бөлмелі үй тұрғызатыны да бар. Үйі бітіп, адам тұратындай жағдай туғанда жердің нағыз иесі келіп, жерді босатуды, тұрғызылған үйді өз есебінен бұзуды сұрап, сотқа талап қояды. Үй салу үшін құрылыс материалдарын сатып алу, тасымалдау, құрылысшы жалдау оңай шаруа емес. Оған қыруар қаржы, уақыт, адам күші қажет. Сондықтан да, жер даулары оңай бітпейді, ал дауласушы тараптар ең соңғы сатыдағы соттың шешімін алғанға дейін көңілдері көншімейді.

Конституцияның 26-бабында Қазақстан Республикасының азаматтары заңды түрде алған қандай да болсын мүлкін жеке меншігінде ұстай алатыны, соттың шешімінсіз ешкімді де өз мүлкінен айыруға болмайтыны, заңмен көзделген ерекше жағдайларда ғана мемлекет мұқтажы үшін мүлктен күштеп айыру оның құны

тең бағамен өтелген кезде жүргізілуі мүмкін екені нақтыланған.

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 43-бабының 10-бөлігіне сәйкес, егер облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің жер телімін беру туралы шешімінде өзгеше көзделмесе, жер телімінің нақтылы (белгілі бір жердегі) шекарасы белгіленгенге дейін және құқық белгілейтін құжаттар берілгенге дейін жер телімін пайдалануға жол берілмейді.

Осы норманы сақтамау жер телімін өз бетінше иеленіп алу деп бағаланады және Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес әкімшілік жауаптылықты көздейді. Құқық белгілейтін құжаттары ресімделмеген жер телімдеріне қатысты мәмілелер жасауға жол берілмейді.

Аталған Кодекстің 164-1 бабының 1, 2-бөліктеріне сәйкес, меншік иесі жер телімін бөгденің заңсыз иеленуінен қайтаруды талап етуге құқылы. Мемлекет меншігіндегі және пайдаланылуға берілмеген жер құрамынан өз бетінше иеленіп алынған жер телімін қайтаруды

талап етуді жер телімі орналасқан жергілікті атқарушы органдар жүзеге асырады.

Заңсыз иеленуші өз бетінше иеленіп алған жер телімін Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген әкімшілік жазалар қолданылған кезден бастап күнтізбелік отыз күн ішінде босатуға және өз бетінше иеленіп алған жер телімінде салынған (салынып жатқан) құрылысты, Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, өзі немесе өз есебінен бұзуды жүзеге асыруға міндетті. Заңсыз иеленушінің өз бетінше иеленіп алған жер телімін босату және мұндай телімде салынған (салынып жатқан) құрылысты бұзу жөніндегі міндеттерді орындамауына байланысты даулар сот тәртібімен шешіледі. Өз бетінше салынған құрылыс коммуналдық меншікке берілген жағдайда құрылысты жүзеге асырған тұлғаға сот айқындаған мөлшерде құрылысқа жұмсалған шығындар өтеледі.

жер телімінде электр жарығы, газ жүйесіне қосылған уақытша тұрғын үйдің салынып тұрғанын, жер телімдерінің орналасқан орындары сәйкес келмейтінін көрсетіп, талап қою арызын қанағаттандырусыз қалдыруды сұраған.

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 21-бабының 1-тармағына сәйкес, меншік иесінің өзіне тиесілі жер телімін иеленуге, пайдалануға және оған билік етуге құқығы бар.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 264, 188, 260-баптарының талаптарына сәйкес, меншік иесі өз құқықтарының бұзылуына иеліктен айыруға байланысты болмағанымен, оларды бұзудың қайсысын болса да жоюды талап етуге құқылы. Меншік иесі өз мүлкін өзгенің заңсыз иелігінен талап етуге құқылы.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 16 шілдедегі «Соттардың жер заңдарын қолдануының кейбір мәселелері туралы» №6 нормативтік қаулысының 8-тармағына сәйкес, бір жер теліміне екі және одан да көп меншік иелерінің (жер пайдаланушылардың) меншік құқығының туындауы, сондай-ақ аралас жер телімдерінің шекарасын бұзу туралы дауды шешкен кезде сот Жер кодексінің 43-бабында белгіленген талаптарды назарға алуы керек.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 8-бабының талабына сәйкес, әркім бұзылған құқықтарын, бостандықтарын немесе заңды мүдделерін қорғау үшін осы Кодексте белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

Іс құжаттарынан және сотта анықталғандай, талап қоюшы А. 2012 жылғы 23 мамырда жасалған сату-сатып алу шарты негізінде У-дан бағбандықпен айналысу үшін жер телімін сатып алған.

Өуел бастан бағбандықпен айналысу үшін берілген жер телімі марқұм болған соғыс, еңбек ардагері У-ға Қызылорда қаласы әкімінің 1993 жылғы 11 қазандағы шешімі негізінде табысталғаны, кейіннен баласына мұра есебінде берілгені көрінеді. 2008 жылғы 25 қарашадағы жер теліміне 000-000-000 санды кадастрлық нөмірлі жеке меншік құқығын беретін акт берілген, жер телімі координатталған, автоматтандырылған ақпараттық жүйенің мемлекеттік жер кадастрына енгізілген.

Жауапкер Е. 2008 жылғы 7 ақпанда жасалған сатып алу-сату шартының негізінде, В-дан бағбандық үшін жер телімін сатып алған. Бағбандыққа арналған жер телімі В-ға Қызылорда қаласы әкімінің 2005 жылғы 9 қыркүйектегі шешімі негізінде табысталған. Алайда, жер телімі координатталмаған, автоматтандырылған ақпараттық жүйенің мемлекеттік жер кадастрына енгізілмеген. Алайда, даулы жер телімдерінің жеке меншік құқығын беретін актілерінен, кадастрлық ісіне тіркелген жер телімінің далалық зеттеу сызбаларынан, жер телімдерінің орналасу схемаларынан, талап қоюшы А-ның жер телімінің конфигураци-

Жер телімін заңсыз иеленушінің жеке деректерін анықтау мүмкін болмаған жағдайда аумағында осындай жер телімі анықталған республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың уәкілетті органы иесі жоқ жылжымайтын зат ретінде есепке қою үшін жылжымайтын мүлікке құқықты мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын органға өтініш жібереді. Сондықтан, жер телімінің иесінде жер заңнамасына сәйкес құқық беретін және сәйкестендіретін құжаттары болып, жерге меншік құқықтары тиісті тәртіппен тіркелген жағдайда ғана жерге меншік иесінің құқығы қорғалады.

Қызылорда облысы соттарының өндірісінде жер дауы бойынша қаралған істердің басым көпшілігі жер телімінің меншік иелерінің өзіне тиесілі жер телімін өзгенің заңсыз иелігінен қайтару туралы талаптарына қатысты қозғалған.

Азаматтық істерді қарауда байқағанымыз, жер қатынастарынан туындаған даулар, көбінесе, мемлекеттік органдардың кінәсінен орын алған. Мысалы, Қызылорда қалалық сотының шешімімен талап қоюшы А-ның талабы ішінара қанағаттандырылған.

Апелляциялық шағымында жауапкер Е., құрылысты өзіне тиесілі, сатып алған жер теліміне салғанын, оған меншік құқығы тіркелгенін, Жер кадастры және жылжымайтын мүлікті техникалық тексеру департаментінің Қызылорда облыстық филиалында А. деген инженер 2008 жылы талап қоюшының жер телімінің өлшеу жұмыстарын жасап, координаттағанын, ал 2013 жылы автоматтандырылған жүйеге өзінің жер телімі енгізілмегенін, өзінің даулы

БАСЫМДЫҚТАР

Заңсыз иеленуші өз бетінше иеленіп алған жер телімін Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген әкімшілік жазалар қолданылған кезден бастап күнтізбелік отыз күн ішінде босатуға және өз бетінше иеленіп алған жер телімінде салынған (салынып жатқан) құрылысты, Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, өзі немесе өз есебінен бұзуды жүзеге асыруға міндетті.

Заңсыз иеленушінің өз бетінше иеленіп алған жер телімін босату және мұндай телімде салынған (салынып жатқан) құрылысты бұзу жөніндегі міндеттерді орындамауына байланысты даулар сот тәртібімен шешіледі. Өз бетінше салынған құрылыс коммуналдық меншікке берілген жағдайда құрылысты жүзеге асырған тұлғаға сот айқындаған мөлшерде құрылысқа жұмсалған шығындар өтеледі.

ясы, орналасу орны, көлемі, ені, ұзындығы сол аймақта табысталған жер телімдерінің кескін-келбетіне нақты сәйкес келген. Керісінше, жауапкер Е-нің жер телімінің сызбасы төрт бұрышты, оның жер телімінің кескін-келбеті сәйкес келмеген.

Жауапкердің қазіргі таңда иеленіп отырған жер телімінің орналасу орны, В-ға табысталған жер телімінің сызбасына, схемасына сәйкес келмеген, оның үстіне жауапкер Е-нің құжат бойынша жер телімі өзінің көрсетуі бойынша зерттелген, жер телімінің орналасу орны, мекен-жайы нақты дәлелдемелермен бекітілмеген. Даулы жер телімі жауапкерге тиесілі екендігі құжаттарымен өз дәлелін таппаған. Сызбадан В-ға берілген жерден 1,5 метр қашықтықта арық орналасқаны нақтыланған. Сондықтан, бірінші сатыдағы сот талап қоюшы А-ға тиесілі жер теліміне жауапкер Е-нің уақытша тұрғын үй салғанын анықтады. Бұл ретте, талап қоюшының өзіне тиесілі жер телімін жауапкерден қайтаруды және онда заңсыз салынған құрылысты өз есебінен бұздыруға міндеттеу жайлы талабы негізді және заңды болып табылады.

Қалалық жер қатынастары бөлімінің, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының Қызылорда облысы бойынша филиалы «Жер кадастры және жылжымайтын мүлікті техникалық тексеру департаментінің өкілдері апелляциялық алқа сотында екі тараптың жері қабаттаспағанын, нақты координатталған соң бұл даулы жердің талап қоюшы А-ға тиесілі екенін көрсетті.

Сонымен қатар, жауапкер Е-нің жер телімінің нысаналы мақсаты жеке тұрғын үй немесе саяжай құрылысы үшін емес, бағбандық жүргізуге берілген. Алайда, бұған қарамастан жауапкер уақытша тұрғын үй салған. Бірақ, уақытша тұрғын үй оның жалғыз баспанасы болып табылмаған, жауапкер Е. ол жерде тұрмаған.

Даулы жердегі жауапкер тұрғызған уақытша тұрғын үй жүйелі түрде жалдауға беріліп келген. Апелляциялық сатыдағы сотта бұл фактіні Е-нің өзі де теріске шығармаған.

Істің мұндай жағдайында бірінші сатыдағы соттың А-ға тиесілі жер бөлігін өзгенің заңсыз иелігінен қайтару, заңсыз салынған уақытша тұрғын үйді өз есебінен бұздыру

туралы тұжырымдары заңды болып табылып, бірінші сатыдағы сот зерттелген дәлелдемелерге сәйкес заңды, әрі негізді шешім қабылдаған. Сол себепті бірінші сатыдағы соттың шешімі өзгеріссіз, апелляциялық шағым қанағаттандырусыз қалдырылған.

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 18-бабының талабына сәйкес, облыстық маңызы бар қаланың атқарушы органының қала шекарасының шегінде және оған әкімшілік бағыныстылығына берілген аумақта жер қатынастарын реттеу саласындағы құзыретіне жерді мемлекеттік қажеттіліктер үшін, соның ішінде, сатып алу арқылы алып қою жатады. Алайда, Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабының 4-тармағына сәйкес, жер телімін мәжбүрлеп иеліктен шығаруға, мемлекет мұқтажын қанағаттандыру үшін қаншалықты қажет болса, сондай көлемде ғана жол беріледі. Бұл дегеніңіз, мемлекет қажеттілігі үшін талапкердің жер телімін толық немесе ішінара сатып алу арқылы алып қою, тек қана атқарушы органның құзыретіне берілген. Осы ретте, атқарушы орган өз құзыретін тек заң шегінде жүзеге асыруы тиіс.

Жер телімін меншік иесінен мемлекеттік қажеттілік үшін жер қорына кері қайтарып алып қою (сатып алу) жөнінде қала әкімі арнайы шешім қабылдауы қажет. Жер телімін, онда тұрғызылған жылжымайтын мүліктерді бағалау, өтемақы мөлшері туралы есеп, меншік иесіне жерін алып қоюға байланысты тең бағадағы басқа жер телімін беру туралы ұсынысын растайтын құжаттар дәлелдеме ретінде сотқа тапсырылуы қажет. Яғни, тұлғаның жеке меншік жерін мемлекет қорына алып қоюға қажеттілігі болуы тиіс.

Жерге құқықтық қатынастардан туындаған азаматтық істерде қолданыстағы заңнамаларда даулардың шешу тәртібі толық қамтылғандықтан, сот практикасында бұл істерді қарауда қиындықтар туындамаған. Сонымен қатар, нақты заң бұзушылықтың бары анықталған жағдайда соттар мемлекеттік органдарға жеке ұйғарым шығарып отырған. Алайда, мемлекеттік қызметкерлердің заңсыз әрекетінен туындаған, кейбір алаяқтардың арам пиғылынан меншігінен айырылуға мәжбүр болған бұл санаттағы істер маңызы жағынан күрделі істерге жатады.

Основания и порядок принудительного отчуждения земельных участков для государственных нужд и некоторые проблемные вопросы судебной практики



Принудительное отчуждение земельного участка или иного недвижимого имущества в связи с изъятием земельного участка для государственных нужд может осуществляться исключительно в отношении земельного участка.



**Сайран
АЛИМБАЕВА**
Судья суда г.Астана

В случае, если право частной собственности на земельный участок не может быть подтверждено на основании сведений из правового кадастра и (или) правоустанавливающих документов, то принудительное отчуждение для государственных нужд осуществляется в отношении зданий, сооружений и иных объектов недвижимости (жилищ, жилых домов (жилых зданий), жилых помещений (квартир), нежилых помещений), расположенных на данном земельном участке.

Принудительное отчуждение земельного участка или иного недвижимого имущества в связи с изъятием земельного участка для государственных нужд может быть произведено при соблюдении гласности процедуры принудительного отчуждения. Отсутствие гласности при наличии требований со стороны собственника изымаемого имущества является основанием для отказа в изъятии имущества для государственных нужд.

С момента получения собственником или негосударственным землепользователем уведомления о принудительном отчуждении земельного участка или иного недвижимого имущества

в связи с изъятием земельного участка для государственных нужд государство имеет преимущественное право его покупки. Защита прав собственника изымаемого для государственных нужд имущества осуществляется в судебном порядке.

В то же время, законом предусмотрен и досудебный порядок урегулирования спора, то есть собственник изымаемого для государственных нужд имущества в любой момент после принятия Правительством Республики Казахстан или местным исполнительным органом постановления о принудительном отчуждении земельного участка, и до обращения исполнительного органа в суд с иском о принудительном отчуждении земельного участка или недвижимого имущества в связи с изъятием земельного участка для государственных нужд, вправе инициировать согласительные процедуры.

Исполнительный орган или по поручению вышестоящего органа нижестоящий исполнительный орган обязан не позднее трех календарных дней после опубликования постановления исполнительного органа о принудительном отчуждении земельного участка, направить

АКЦЕНТЫ

В договоре о выкупе земельного участка или иного недвижимого имущества в связи с изъятием земельного участка для государственных нужд должны содержаться:

- цена за изымаемый земельный участок,
- идентификационные характеристики объекта недвижимости либо земельного участка, предоставляемого собственнику или землепользователю взамен изымаемого; разница в стоимости в случае, если цена изымаемого земельного участка окажется выше цены (стоимости) земельного участка, предоставляемого взамен изымаемого;
- размер подлежащих возмещению убытков, в том числе стоимости недвижимого имущества, изымаемого в связи с изъятием земельного участка для государственных нужд, в случае их причинения в связи с принудительным отчуждением;
- срок уплаты цены (стоимости) за изымаемый земельный участок или иное недвижимое имущество в связи с изъятием земельного участка для государственных нужд или передачи земельного участка (иного недвижимого имущества), предоставляемого собственнику взамен изымаемого для государственных нужд;
- состав имущества, отчуждаемого для государственных нужд; перечень лиц, права которых в отношении отчуждаемого имущества будут прекращены или ограничены;
- порядок финансирования расходов государства на приобретение имущества для государственных нужд.

собственнику или негосударственному землепользователю письменное уведомление о принудительном отчуждении земельного участка или иного недвижимого имущества в связи с изъятием земельного участка для государственных нужд с приложением к нему проекта договора о выкупе земельного участка или иного недвижимого имущества в связи с изъятием земельного участка для государственных нужд по почте с обязательным получением уведомления о получении почтового отправления.

В случае отсутствия уведомления о получении почтового отправления документы направляются повторно.

Уведомление о принудительном отчуждении земельного участка или иного недвижимого имущества в связи с изъятием земельного участка для государственных нужд как юридическое притязание подлежит государственной регистрации.

Местный исполнительный орган представляет в соответствующий местный представительный орган проект договора о выкупе земельного участка или иного недвижимого имущества в связи с изъятием земельного участка для государственных нужд в двухмесячный срок с момента получения собственником или негосударственным землепользователем уведомления о принудительном отчуждении земельного участка или иного недвижимого имущества в связи с изъятием земельного участка для государственных нужд или прав на него. Проект данного договора рассматривается постоянной комиссией местного представительного органа не позднее двухнедельного срока с момента его внесения с обязательным приглашением собственника и лиц, права которых в отношении отчуждаемого имущества будут прекращены или ограничены.

При достижении соглашения с собственником или негосударственным землепользователем отчуждаемого для государственных нужд имущества и другими лицами, права которых в отношении отчуждаемого имущества будут прекращены или ограничены при принудительном отчуждении, договор о выкупе земельного участка или иного недвижимого имущества в связи с изъятием земельного участка для государственных нужд утверждается исполнительным ор-

ганом по согласованию с местным представительным органом и подписывается собственником или землепользователем.

В договоре о выкупе земельного участка или иного недвижимого имущества в связи с изъятием земельного участка для государственных нужд должны содержаться:

- цена за изымаемый земельный участок,
 - идентификационные характеристики объекта недвижимости либо земельного участка, предоставляемого собственнику или землепользователю взамен изымаемого; разница в стоимости в случае, если цена изымаемого земельного участка окажется выше цены (стоимости) земельного участка, предоставляемого взамен изымаемого;
 - размер подлежащих возмещению убытков, в том числе стоимости недвижимого имущества, изымаемого в связи с изъятием земельного участка для государственных нужд, в случае их причинения в связи с принудительным отчуждением;
 - срок уплаты цены (стоимости) за изымаемый земельный участок или иное недвижимое имущество в связи с изъятием земельного участка для государственных нужд или передачи земельного участка (иного недвижимого имущества), предоставляемого собственнику взамен изымаемого для государственных нужд;
 - состав имущества, отчуждаемого для государственных нужд; перечень лиц, права которых в отношении отчуждаемого имущества будут прекращены или ограничены;
 - порядок финансирования расходов государства на приобретение имущества для государственных нужд.
- При не достижении соглашения с собственником изымаемого для государственных нужд имущества или негосударственным землепользователем по вопросу о принудительном отчуждении, и (или) о стоимости изымаемого для государственных нужд имущества и размере убытков, подлежащих возмещению, по истечении трех месяцев с момента получения уведомления собственником или негосударственным землепользователем, но не позднее срока (даты) осуществления принудительного отчуждения, местный исполнительный орган вправе обратиться в суд с иском о принудительном отчуждении земельного участка

или недвижимого имущества в связи с изъятием земельного участка для государственных нужд.

Судебная практика по земельным спорам свидетельствует о том, что данные споры относятся к одной из самых непростых категорий дел.

Сложность рассмотрения дел данной категории связана, во-первых, с тем, что эта категория споров в нашем государстве практически возникла только в конце 90-х годов прошлого века в связи с возникновением альтернативных видов частной собственности на землю. В период же существования социалистического общества в нашем государстве земля как объект права собственности длительное время находилась исключительно в государственной собственности и земельные споры как таковые в тот период не возникали. Во-вторых, быстро развивающиеся новые экономические и социальные отношения требуют кардинальных изменений в законодательстве, в том числе, касающемся земельного права. Изменение в законодательстве, безусловно, вызывает изменение и судебной практики.

Как следует из судебной практики, споры относительно земельных отношений в основном касаются принудительного изъятия земельных участков для государственных нужд, изъятия самовольно захваченных земельных участков, изъятия земельных участков в связи с нецелевым использованием, споров между собственниками соседних земельных участков по вопросам сервитута и других.

Наибольшее количество дел данной категории в судах г. Астана составляют дела, связанные с принудительным отчуждением (выкупом) земельного участка для государственных нужд с выплатой компенсации, что вызвано ускоренным развитием инфраструктуры города в статусе столицы, ростом строительных объектов, расширением границы города.

Рассматривая иски исполнительных органов, суды должны соблюдать следующие принципы:

1) принудительное отчуждение земельного участка или иного недвижимого имущества в связи с изъятием земельного участка для государственных нужд является исключительным случаем отчуждения имущества, находящегося в собственности физических и юридических лиц, и может быть осуществлено только при невозможности использования всех иных возможных случаев отчуждения имущества, предусмотренных ГК РК и законами Республики Казахстан;

2) не допускается принудительное отчуждение земельного участка или иного недвижимого имущества в связи с изъятием земельного участка для государственных нужд при наличии иного (альтернативного) способа удовлетворения государственных нужд;

Судебная практика по земельным спорам свидетельствует о том, что данные споры относятся к одной из самых непростых категорий дел

3) не может быть признано изъятием имущества для государственных нужд любое изъятие имущества, преследующее коммерческие цели негосударственных юридических лиц и цели удовлетворения негосударственных интересов, либо иное изъятие имущества, не вытекающее из целей осуществления государственных функций и не преследующее общественно значимые цели. В этих случаях отчуждение имущества допускается по соглашению между собственником имущества и лицом, преследующим коммерческие цели, на основании договора купли-продажи имущества между ними;

4) принудительное отчуждение земельного участка или иного недвижимого имущества в связи с изъятием земельного участка для государственных нужд допускается только в том объеме, в каком это необходимо для удовлетворения государственных нужд.

Невыполнение данных требований закона служит основанием для

отказа судом в принудительном отчуждении земельного участка или иного недвижимого имущества в связи с изъятием для государственных нужд и отмены принятого постановлением исполнительных органов о принудительном отчуждении земельных участков. Поэтому судам при рассмотрении данных споров следует тщательно соблюдать указанные принципы.

Как показывает практика, собственники в основном, за исключением редких случаев, иск о принудительном отчуждении земельного участка для государственных нужд признают. Спорным является вопрос о стоимости компенсации за изымаемый земельный участок и находящегося на нем недвижимого имущества.

Основополагающей нормой при разрешении данного вопроса для суда, безусловно, является положение части третьей статьи 26 Конституции Республики Казахстан, которая гласит: «Никто не может быть лишен своего имущества, иначе как по решению суда. Принудительное отчуждение имущества для государственных нужд в исключительных случаях, предусмотренных законом, может быть произведено при условии равноценного его возмещения».

В соответствии со статьей 67 Закона Республики Казахстан «О государственном имуществе» стоимость земельного участка, отчуждаемого для государственных нужд (без учета убытков), приобретенного собственником у государства, определяется в размере суммы, уплаченной государству, за исключением случаев, предусмотренных пунктом 2 настоящей статьи.

При неполной оплате суммы за земельный участок (без учета убытков), проданный государством в рассрочку, и изъятии его при принудительном отчуждении для государственных нужд цена отчуждаемого земельного участка определяется в размере выплаченной государству суммы.

Стоимость земельного участка, отчуждаемого для государственных нужд, предоставленного под

индивидуальное жилищное строительство, для ведения личного подсобного хозяйства (кроме полевых наделов), на котором находится индивидуальный жилой дом, определяется в размере стоимости земельного участка и находящегося на нем недвижимого имущества в размере, не превышающем их рыночную стоимость.

Стоимость земельного участка, отчуждаемого для государственных нужд, перешедшего к собственнику по гражданско-правовой сделке или по решению суда, определяется в размере стоимости, указанной в гражданско-правовом договоре или в решении суда, но не превышающей рыночную стоимость. В случае, если в гражданско-правовом договоре цена за земельный участок не указана, стоимость земельного участка определяется по его кадастровой (оценочной) стоимости.

Стоимость недвижимого имущества, находящегося на земельном участке, определяется в размере, не превышающем его рыночную стоимость. Рыночная стоимость земельного участка или иного недвижимого имущества, отчуждаемого для государственных нужд, определяется независимым оценщиком на момент получения собственником или негосударственным землепользователем уведомления о предстоящем принудительном отчуждении земельного участка для государственных нужд.

Размер возмещения определяется исходя из стоимости имущества и убытков в полном объеме, причиненных собственнику или негосударственному землепользователю в результате принудительного отчуждения земельного участка для государственных нужд и (или) вызванных досрочным прекращением исполнения собственником или негосударственным землепользователем обязательств перед третьими лицами. Размер возмещения иным лицам, права которых в отношении принудительно отчуждаемого для государственных нужд земельного участка будут прекращены или ограничены, определяется исходя из убытков, которые возникнут у них в результате такого принудительного отчуждения. Размер возмещения определяется в тенге.

По соглашению с собственником земельного участка или негосударственным землепользователем ему может быть предоставлен

взамен земельного участка, изымаемого при принудительном отчуждении для государственных нужд, другой земельный участок с учетом стоимости предоставляемого земельного участка или права на него в стоимость отчуждаемого земельного участка или права на него по кадастровой (оценочной) стоимости.

Казалось бы, что законодателем четко разграничен порядок определения размера изымаемого земельного участка и находящегося на нем недвижимого имущества. Тем не менее, в судебной практике возникают проблемы при определении размера компенсации за изымаемый земельный участок. Решающую роль в данном вопросе, конечно, играет проводимая имеющим соответствующую государственную лицензию независимым оценщиком оценка.

Часто стороны предоставляют суду отчеты по оценке, имеющие значительную разницу в стоимости изымаемого земельного участка и находящегося на нем имущества. Для устранения противоречий в таких случаях судами назначается повторная независимая оценка или экспертиза, по которым в основном и определяется размер компенсации.

При этом судам необходимо тщательно изучить, проведена ли оценка на момент вручения уведомления; соответствуют ли аналоги, использованные экспертом при оценке имущества, подлежащему изъятию имуществу; какие методы для оценки использованы, учтены ли все объекты, находящиеся на земельном участке; соответствует ли отчет Требованиям к форме и содержанию отчета об оценке от 25 февраля 2015 года №115, и требованиям, предусмотренным Законом РК «Об оценочной деятельности в Республике Казахстан».

Немаловажное значение при разрешении спора имеет выяснение наличия незарегистрированного и нелегализованного имущества на земельном участке.

На практике при рассмотрении дел о принудительном изъятии земельных участков с целевым назначением «индивидуальное

жилищное строительство» и «садоводство», возникают также вопросы о необходимости установления и привлечения всех проживающих лиц. По данному поводу в судах имеется два мнения. Первое - необходимо установить и привлечь всех лиц, прописанных и проживающих совместно с собственником изымаемого имущества с указанием в резолютивной части решения о выселении каждого из спорного жилья. Второе - привлечь только собственников имущества с указанием в резолютивной части решения о выселении собственника со всеми проживающими лицами.

По мнению автора статьи, правильным является второе мнение, поскольку при первом случае, на момент исполнения решения и сноса объекта, находящегося на изымаемом земельном участке, там могут находиться другие проживающие лица, которые не указаны в решении суда.

При наличии несовершеннолетних членов семьи собственника в их интересах следует привлечь органы опеки и попечительства.

Суды при рассмотрении дел данной категории руководствуются нормами Конституции Республики Казахстан, Гражданского кодекса Республики Казахстан, Земельного кодекса Республики Казахстан, Закона Республики Казахстан «О государственном имуществе», Закона Республики Казахстан «О жилищных отношениях», законами «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», «Об индивидуальном жилищном строительстве», «Об архитектурной, градостроительной и строительной деятельности в Республике Казахстан», «Об оценочной деятельности в Республике Казахстан», «О статусе столицы Республики Казахстан», «Об особом статусе города Алматы», положениями нормативного постановления Верховного Суда Республики Казахстан «О некоторых вопросах применения судами законодательства о принудительном отчуждении земельных участков для государственных нужд» № 8 от 25 декабря 2006 года с изменениями и дополнениями, внесенными нормативным постановлением Верховного Суда Республики Казахстан №2 от 25 июня 2010 года, другими законами и нормативными актами.

Жер құқығы қатынастарынан туындайтын дауларды қарау



Мария ШӘРІПОВА

Ақтөбе облысының
мамандандырылған
ауданаралық
экономикалық сотының
судьясы

Қазақстан Республикасында жер мемлекет меншігіне, заңда белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жеке меншікте де болуы мүмкін деп көзделген. Қазақстан Республикасы Жер кодексінің (бұдан әрі - Жер кодексі) 167-бабына сәйкес, жер құқығы қатынастарынан туындайтын даулар сот тәртібімен қаралады.

Жер құқығы қатынастары дегеніміз – жерге меншік құқығын және өзге де құқықтарды жүзеге асыра отырып, жер ресурстарын, жеке-леген субъектілерге бекітілген жер учаскелерін басқаруға байланысты жерді пайдалану және қорғау жөніндегі құқықтық қатынастар.

Жер құқығы қатынастарынан туындайтын талаптарға (арыздарға), атап айтқанда: жер учаскелерін беру және оларды алып қою; жер учаскелерін алып қоюға байланысты шығындарды өтеу; меншік құқығы және жер пайдалануды даулау; өкімдердің жер учаскелерін беру тәртібіне шағымдануы; кепіл шартына шағымдану; Жер кодексінің 92, 93, 94-баптарына сәйкес, жер учаскелерін алып қою; сервитут белгілеу немесе тоқтату; жер учаскесіне меншік құқығын немесе жер пайдалануын куәландыратын мемлекеттік актілерді тіркеуден және беруден бас тарту және тағы басқалары туралы талаптар жатқызылады.

Жер дауы – субъектілердің жерге деген өз құқықтарын дәлелдеуі және

талқылауы. Аталған даулар жерге мүлкітік құқығы бар тұлғалардың арасында, сонымен қатар, жер қатынастарын реттеуші мемлекеттік органдар мен тұлғалардың арасында туындайды.

Жер дауларының объектісі әрқашан жер болып табылады. Жер учаскелеріне құқық туралы талаптарға айрықша соттылық қарастырылған, яғни олардың орналасқан орны бойынша сотқа берілуі тиіс, сонымен қатар, мемлекеттік органның, жергілікті өзін-өзі басқару органының, лауазымды адамның, шешіміне келтірілген арыздар азаматтың тұрғылықты жері бойынша сотқа не әрекеттеріне дау айтылып отырған мемлекеттік органының, жергілікті өзін-өзі басқару органының, лауазымды адамның, орналасқан жері бойынша сотқа берілуі мүмкін.

Қазақстан Республикасы жер заңдарының міндеттері:

- жер учаскесіне меншік құқығы мен жер пайдалану құқығы туындауының, өзгертілуі мен тоқтатылуының негіздерін, шарттары

мен шектерін, жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыру тәртібін белгілеу;

- жерді ұтымды пайдалану мен қорғауды, топырақ құнарлылығын ұдайы қалпына келтіріп отыруды, табиғи ортаны сақтау мен жақсартуды қамтамасыз ету мақсатында жер қатынастарын реттеу;

- шаруашылық жүргізудің барлық нысандарын тең құқықпен дамыту үшін жағдайлар жаасау;

- жеке және заңды тұлғалар мен мемлекеттің жерге құқықтарын қорғау;

- жылжымайтын мүлік нарығын дамыту;

- жер қатынастары саласында заңдылықты нығайту.

Соттар істі сот талқылауына өзірлеген кезде тараптардың өзара қатынасының сипатын, даулы құқықтық қатынастың туындау себебін және уақытын анықтауы, тараптардың жер учаскесіне құқығын белгілейтін және осы құқықты куәландыратын құжаттардың болуын анықтауы керек.

Құқық белгілейтін құжаттардың негізінде

Осы ретте азаматтар мен заңды тұлғалардың жер учаскесіне тиісті құқықтары (жеке меншік құқығы, жер пайдалану құқығы, сервитуттар және жер учаскесіне өзге де заттық құқықтар) туындайтын құжаттар жер учаскесіне құқық белгілейтін құжаттар болып табылады. Оларға, атап айтқанда, әкімдердің жер учаскесіне құқық беру туралы құқықтық актілері, сатып алу - сату шарттары (айырбастау, сыйға тарту немесе жер учаскесін иеліктен шығару туралы өзге де мәмілелер) және жер учаскесіне жеке меншік құқығын, жер пайдалану құқығын және жерге өзге де заттық құқықтарды тану туралы сот шешімдері жатқызылуы мүмкін.

жер учаскелерінің меншік иелеріне және жер пайдаланушыларға жер қатынастары жөніндегі уәкілетті орган берген жер учаскесінің ұқсастырылған сипаттамаларын көрсететін құжаттар жер учаскесіне құқықты куәландыратын құжаттар болып табылады. Құқықты куәландыратын құжаттарға жер учаскесіне жеке меншік құқығы актісі, тұрақты жер пайдалану құқығы актісі және уақытша (өтеулі, өтеусіз) жер пайдалану құқығы актісі жатады. Құқықты куәландыратын құжаттарды жер қатынастары жөніндегі уәкілетті орган ғана береді.

Жерге қатысты даулардың басым бөлігін жер учаскелеріне меншік құқығы немесе жер пайдалану құқығы туралы даулар құрайды. Осы санаттағы істерге жер учаскесін бөгденің заңсыз иеленуінен қайтаруды талап ету, келісімді заңсыз деп тану, жер учаскесін пайдалану тәртібін анықтау, меншік құқығы заңдарының бұзылуын жою жатады.

Жер учаскелеріне меншік құқығы және жер пайдалану құқығы Азаматтық кодекске және басқа заң актілеріне сәйкес қорғалады. Жер учаскесін бөгденің заңсыз иеленуінен қайтару туралы, жер учаскелерін пайдаланудағы кедергілерді жою туралы талап арыздарды қараған кезде соттар жер учаскесіне құқығын белгілейтін және құқықты куәландыратын құжаттардың болуы керектігін ескеруі қажет. Даулардың келесі ең көп бөлігін жер учаскелерін босату туралы арыздар құрайды. Аталған арыздардың негізі азаматтардың және заңды тұлғалардың жер учаскелерін өз бетінше иеленіп алуынан туындайды.

Жер учаскесін мәжбүрлеп алып қою және жер учаскелерін босату туралы талаптардың ара-жігін ажырата білу қажет. Жер кодексінің 92, 93-баптарына сәйкес мақсаты бойынша пайдаланылмаған және Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып пайдаланылған жер учаскесі меншік иесінен және жер пайдаланушыдан мәжбүрлеп алып қойылуы мүмкін.

Жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылар жерді оның нысаналы мақсатына сәйкес, ал уақытша жер пайдалану кезінде – жер учаскесін беру актісіне немесе жалдау шартына (өтеусіз уақытша жер пайдалану шартына) сәйкес пайдалануға міндетті.

Жер учаскесін игерудің мерзімі мен шарттарын облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері, ал арнайы экономикалық аймақ аумағында – тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті атқарушы органдары немесе арнайы экономикалық аймақтың басқару органы жер учаскелерін беру жөнінде осы Кодексте белгіленген өз құзыреті шегінде, осы аумақта жерді аймақтарға бөлуге және қала құрылысы регламенттеріне сәйкес белгіленіп, берілетін жер учаскесінің нысаналы мақсаты мен жердің құқықтық режиміне қарай айқындайды және ол сатып алу - сату немесе жер пайдалану (жалдау) шарттарында көрсетіледі.

Егер құрылысқа арналған жер учаскесі оны беру туралы шешім қабылданған күннен бастап үш жыл (егер жобалау-сметалық құжаттамада анағұрлым ұзақ мерзім көзделмесе) ішінде мақсаты бойынша пайдаланылмаған жағдайда, онда Қазақстан Республикасы азаматтарының

жеке тұрғын үй құрылысына арналған жеке меншігіндегі жер учаскесін қоспағанда, мұндай жер учаскесі осы Кодекстің 94-бабында көзделген тәртіппен мәжбүрлеп алып қоюға жатады.

Егер жеке тұрғын үй құрылысына арналған жер учаскесі дайын емес алаңдарда жер пайдалану құқығында берілген жағдайларда, мұндай жер учаскесін игеру мерзімі оны тиісті инженерлік (коммуналдық) инфрақұрылыммен қамтамасыз еткен кезден бастап есептеледі.

Егер ауыл шаруашылығы өндірісін, соның ішінде, шаруа немесе фермер қожалығын жүргізуге арналған жер учаскесі пайдаланбау фактісі алғаш рет анықталған кезден бастап бес жылдық кезеңде жалпы алғанда екі жыл мақсаты бойынша пайдаланылмаған жағдайларда, мұндай жер учаскесі осы Кодекстің 94-бабында көзделген тәртіппен мәжбүрлеп алып қоюға жатады.

Жер учаскесін еңсерілмейтін күш салдарынан мақсаты бойынша пайдалану мүмкін болмаған уақыт бұл кезеңдерге кірмейді. Жер кодексінде жер учаскесін мәжбүрлеп алып қоюдың тәртібі көзделген. Яғни, жер учаскесін мәжбүрлеп алып қою туралы талап арыз Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген жаза-лау шаралары қолданылғаннан кейін және жер учаскесін мақсаты бойынша пайдалану жөнінде және Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтарды жою жөнінде шаралар қолдану үшін жер учаскесінің меншік иесіне немесе жер пайдаланушыға берілген нұсқаманың мерзімі өткеннен кейін беріледі.

Жер учаскесін мақсаты бойынша пайдалану жөнінде шаралар қолдану үшін мерзім – бір жыл, ал Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтарды жою жөнінде жер учаскесін мақсаты бойынша пайдаланбау не Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу фактісі анықталған кезден бастап үш ай болып белгіленеді.

Соттар өз бетінше басып алынған жерлерді қайтару және өз бетімен салынған құрылыстарды бұзу туралы талап арыздарды

қарау кезінде заңдарда белгіленген тәртіппен осындай мақсаттарға арнап бөлінбеген жер учаскесінде салынған, сондай-ақ, қажетті рұқсат алынбай салынған тұрғын үй, басқа қосалқы құрылыстар, құрылыс немесе өзге де жылжымайтын мүлік өз бетімен салынған құрылыс болып табылатындығын ескеруі керек.

Өз бетімен салынған құрылыс, Азаматтық кодекстің 244-бабының 3 және 4-тармақтарында көзделгеннен басқа реттерде, оны жүзеге асырған тұлғаның есебінен бұзылуы тиіс, егер құрылысты жүзеге асырған тұлғаға осы жер учаскесі белгіленген тәртіппен, салынған құрылысты орналастыруға берілген жағдайда, сот өз бетімен салынған құрылысқа меншік құқығын тануы мүмкін.

Аталған даулардың келесі санаты – жер учаскесінің шекарасы туралы талап арыздар. Жер кодексінің 12-бабының 21-тармақшасына сәйкес жер учаскесі – осы Кодексте белгіленген тәртіппен жер қатынастары субъектілеріне бекітіліп берілетін, тұйық шекара ішінде бөлінген жер бөлігі. Осы дауларды қараған кезде, соттар, жер учаскесі орналасқан жерді қарап және сот ұйғарымымен тағайындалған мамандар жер учаскесінің шекарасын анықтайды.

Жер учаскесінің нақтылы шекарасын белгілеу, жер учаскесін пайдаланудағы кедергілерді жою туралы даулардың негізгі мәселелеріне азаматтардың жер учаскесін алып отырған алаңдары құқық белгілейтін құжаттарына сәйкес келетіндігі, жер учаскесінің бөлігін басып алу фактісі орын алғандығы немесе алмағандығы жатады.

Жер дауларының келесі бөлігін жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қою туралы даулар құрайды.

Қазақстан Республикасы Конституциясының талаптарына сай соттың шешімінсіз ешкімді де өз мүлкінен айыруға болмайды. Заңмен көзделген ерекше жағдайларда мемлекет мұқтажы үшін мүлктен күштеп айыру оның құны тең бағамен өтелген кезде жүргізілуі мүмкін.

